

Р. Сүлейменова, 2-курс

Ғылыми жетекшісі: Ж. С. Рамазанова, журналистика кафедрасының доценті, филология ғылымдарының кандидаты

(Е. А. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті)

ТІКЕЛЕЙ ЭФИРДЕГІ РАДИОЖУРНАЛИСТІҢ ТІЛІ

Ерекше мәдени көрініс ретінде БАҚ рухани және материалдық құндылықтардың дамуына оң ықпал етіп, адамзат өркениетіне баға жетпес үлес қосып келеді. Оның ішінде, радио-

ның атқарар рөлі орасан зор екені даусыз. Себебі адамзат қоғамында хабар-ошардың айрықша орын алатыны аян. Оның үстіне жұртшылық көбінесе дәл осынау бұқаралық ақпарат құралын ерекше қадірлейді. Бір қарағанда, аса қарапайым көрінетін радио хабарлары мерзімді басылымдар мен телевизияға қарағанда қолды-аяқтай өте жылдам тарайды.

Басқа барлық БАҚ-пен салыстырғанда әуе толқынан берілетін хабардың адамзаттың сана-сезіміне әсер ету деңгейі әлдеқайда күшті. Өйткені радионың өзегі — сөз, тетігі — техника, құралы — дыбыс. Радиодағы сөйлеушінің ауызынан шыққан әрбір сөз аудиторияның назарына, яғни тыңдарманың құлағына ілігу тиіс. Соның нәтижесінде тыңдаушының сөз болып жатқан мәселенің мәнін біле беруге деген талпынысы пайда болуы — шарт. Тікелей эфир жүргізуші журналист үшін өзге дүниені ұмытып, бар күш-жігер мен ақыл-ойды бір нысанаға бағыттайтын сәт болса, сол сәттегі эфир билеушісіне батылдық пен папшандық, психологиялық еркіндік пен парасатты пайымды мөлдіретіп жеткізетін наркескен тіл керек екені ақиқат. Сан мыңдаған, миллиондаған тыңдарманның көңілін аулап, жүрегін жаулап шешен сөйлеу де үлкен өнер, өз ойынды, сөзіңді кемел айта білу де өнер. Тар уақытта, қысталаң шақта «қиынынан қиыстырып» сөз айтатын тікелей эфир жүргізушісі, ең алдымен, тыңдарман үшін, әр тыңдарманның талғамы үшін жұмыс істеп отырғанын ұмытпағаны жөн. «Тыңдарман талғамын қанағаттандыратын бірнеше аспекті бар. Соның ең бастысы — сөйленген сөздің салмағы, тіл мәдениеті»¹.

Тікелей эфирде хабар жүргізіп отырған жүргізуші тыңдарман аудиториясының енді былдырлап шыға бастаған бүлдіршін мен жалындай лаулаған жас та, көпті көрген, түйгені мол қария да, от ауызды шешен де, ел билеген көсем де белді өкілі екенін ұмытпай сөз сабақтаса, көпшілік алдында сөйлеу мәдениетінің бір ұшын түйіндейді.

Тікелей эфир тілінің тыңдарманның жан-дүниесін баурап, кәдімгідей ұйытып алатын өзіне тән әдіс-тәсілдері бар:

1. Үннің маңыздылығы. Тарғылданып, қатқылдау естілетін, шашырап, тістің арасынан ызындап немесе ызылдап шығатын дауысты ұзақ уақыт тыңдап отыруға ешкімнің зауқы соға қоймас. Сондықтан да радиода, дәлірек айтсақ, арқалаған жүгі ауыр тікелей эфирде үннің маңызы зор. Ашық, күмбірлеп тұрған немесе қоңыр, тұнық үнді жүргізушінің әр сөзі тыңдарманның құлағына майдай жағып, еліктіріп, елтіп әкетері сөзсіз.

2. Дауыс ырғағы. Құлағы бұралмаған домбырадай ырғақтан жаңылып сөйлеу де, біріншіден, жағымсыз естілсе, екіншіден, мағынаға нұқсан келтіреді. Әрбір сөздің ғана емес, сөз тіркестерінің мағынасы мен олардың сөйлеп тұрған сәттегі орнын жаңылыспай айту, табу білімділікті, ұқыптылықты талап етеді.

3. Көңіл-күй. Тікелей эфирдегі психологиялық ахуалды меңгерудің маңызы зор. Мейлі сен ашуланып, ашынып, не аурыңқырап тұрсаң да, әуе толқынында хабар жүргізіп отырғаныңда соның барлығын ұмытып, тыңдарманыңды тақырыпқа тартып, қалыпты жағдайдағы көңіл-күймен сөйлей білуің керек. Тікелей эфир жүргізушісіне үлкен салмақтылық пен орнықтылық та қажет. Тікелей эфирдегі тіл мәдениетінің көңіл-күймен байланысын үзбей белгілі бір сабақтастығын сақтап, өзара үндестігін табу жүргізуші білімінің тереңдігін көрсетеді. Өйткені, «ми ойлағанды тіл тындырады».

4. Тілдің тартымдылығы. Тыңдарманның биік талғамы таразыға салып, салмақтайтын, жанына жақын қабылданып, ойына сәуле түсірсе, кәміл сендіретін тікелей эфирдің тағы бір қисынды қаруы шешен тіл болса, оның тігісін жатқызып, тартымды етіп жеткізу де үлкен өнер. Ш. Құдайбердиев: «... дауыс пен сөз сұлулығы — жан сыйы ғой», — десе, жоғарыда айтылғандардың бәрі тыңдарман үшін, тыңдарманың қажеттілігін қанағаттандырып, өмір сүруге сүйіспеншілігін арттыру үшін іске асырылатын тәсілдер².

Тікелей эфир — аудиториямен қарым-қатынастың айрықша тәсілі болып табылады. Ең бастысы, тікелей эфирдегі диктордың оқуы журналистің жүргізуімен алмасты. Бұл жөнінде зерттеуші В. Л. Цвик мынадай тұжырым жасады: «Жүргізуші журналистің тікелей эфирдегі табысы — кәсіби шеберліктің, айрықша қабілеттің, тамаша тапқырлықтың жемісі»³.

Сондықтан тікелей эфирдегі журналист жұмысының табысты болуы көбіне-көп оның өзін-өзі қалай ұстағанына, қандай мәнерде сөлегеніне, сөйлеген кезде қаншалықты сендіргеніне, сол арқылы қандай әсер қалдырғанына байланысты. Тікелей эфирде қызмет ететін жүргізушілер өз кәсіби деңгейлерін көтеру үшін аталып өткен критерийлерді есепке алып, талаптарды мұқият орындауы қажет екені сөзсіз.

-
- ¹ **Әбдіжәділқызы Ж. Тікелей эфир табиғаты: Оқу құралы. — Алматы, 2003. 14-б.**
- ² **Омашев Н. Қазақ радиожурналистикасы: Оқу құралы. — Алматы, 2005. 27-б.**
- ³ **Цвик В. Л. Журналист с микрофоном. — М., 2002. 73-б.**